

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешен салалары үшін жаңа техникалар әзірлеу және оны өндіріске қою жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 23 наурыз 1993 ж. N 225. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешен салалары үшін жаңа техникалар әзірлеу және оны өндіріске қою жөніндегі қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 23 наурыздағы

N 225 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешен салалары үшін жаңа техникалар әзірлеу және оны өндіріске қою жөніндегі

Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, ұқсату және сақтау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенінің барлық меншік нысанындағы кәсіпорындары мен шаруашылықтарында инженерлік қызмет көрсету үшін машиналар мен жабдықтар әзірлеу және оларды өндіріске қою тәртібін осы Ереже белгілейді. Аталған Ереже агроөнеркәсіп кешені саласында техникалық саясатты мемлекеттік реттеуге арналған және ГОСТ 15.001-88-бен бірге қолданылуға тиіс. "Әзірлеу жүйесі және өнімді өндіріске қою. Өндірістік-техникалық мақсаттағы өнім".

2. Осы Ереженің орындалуына бақылауды тұтынушылардың мүддесін білдіретін мемлекеттік тапсырысшылар мен машиналардың жаңа үлгілерін әзірлеушілер (авторлық қадағалау) қамтамасыз етеді.

3. Әзірленетін және өндіріске қойылатын машиналар мен жабдықтар тапсырысшылардың талаптарын қанағаттандыруға, дүниежүзілік стандартқа сай келуге, дүниежүзілік рынокта бәсекелестік қабілеті болуға және

тұтынушылардың оны тиімді қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4. Өнімді әзірлеу мен дайындау тапсырысшылардың әзірлеушілер және дайындаушылармен шарттары бойынша жүзеге асырылады.

5. Тапсырысшылар, әзірлеушілер, дайындаушылар және техниканы тұтынушылар арасындағы дауларды төрелік сот шешеді.

6. Осы Ережені өзгертуді және оның күшін тоқтатуды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейді.

II. Жаңа техниканы әзірлеуге тапсырыс беру тәртібі, тапсырысшының қызметі

7. Мемлекеттің мұқтажы үшін жаңа техникаға тапсырыс беруді конкурстық негізде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, агроөнеркәсіп кешенінің концерндері мен басқа да ведомстволары жүзеге асырады.

Меншіктің барлық нысанындағы ұйымдардың ынталы жұмыстары агроөнеркәсіптік кешеннің ведомствоаралық ғылыми-техникалық кеңесінде ұсынылған жаңа техниканы шығару қажеттілігі негізделген соң мемлекеттік мұқтажға арналған тапсырысқа енгізіледі.

8. Мемлекет мұқтажына арналған тапсырыс мынадай түрде хатталады:

- агроөнеркәсіптік кешеннің ведомствоаралық ғылыми-техникалық кеңесі бекіткен, өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге арналған аймақтық технологиялар мен машиналар кешенін әзірлеу жөніндегі мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламалар;

- ауыл шаруашылық өнімдерін ұқсату, сақтау дәстүрлі емес энергия көздерін қолдану жөніндегі жоғары тиімді экологиялық хауіпсіз технологиялар мен техникалық құралдар әзірлеу бойынша мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық бағдарламалар;

- агроөнеркәсіптік кешен салаларына сервистік қызмет көрсетудің ғылыми-техникалық бағдарламалары;

- агроөнеркәсіптік кешеннің ведомствоаралық ғылыми-техникалық кеңесінде негізделгеннен кейін меншіктің барлық нысанындағы ұйымдардың ынталы жұмыстарының бағдарламалары.

Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен соң бағдарламалар мемлекеттік мәртебеге ие болады.

9. Жаңа техникаларды жасау жөніндегі жұмыстарды қаржыландыруды тапсырысшылар шарттар негізінде жүзеге асырады.

Жұмыстардың әр түрі бойынша қаржыландыру мерзімі, тәртібі мен көлемі тапсырысшы, жасаушы және дайындаушы арасында шартпен (контрактпен)

к е л і с і л е д і .

10. Мемлекеттік тапсырысшы Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясымен бірлесе отырып, жаңа техника әзірлеуге техникалық тапсырма береді немесе шартқа сәйкес, әзірлеушіге, осы тапсырманы тапсырысшымен, Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясымен және аталған басқа да тапсырысшы ұйымдармен келісе отырып осы хұқықты жүктейді, машина сынау станцияларында тәжірибелік үлгілерге сынау, оларды өндіріске қою және техникалық жайларына келісу жөнінде ұсыныстар бере отырып қабылдауды өткізеді, жаңа техниканы әзірлеушілер және шығарушылармен бірге рыноктағы машинаға сұранымды зерттеуді жүзеге асырады, машинаның бастапқы нарықтық құнын есептеп шығаруға және оның мөлшеріне келіседі, машина шаруашылығымен бірге техниканы тұтынушыларға консультациялық қызмет көрсетуді ұйымдастырады.

Ынталы әзірлеме жасау барысындағы тапсырысшының қызметін жаңа техниканы әзірлеуші орындайды.

Техникалық тапсырмаға хауіпсіздікке, денсаулық және табиғат қорғауға қадағалау жасайтын органдардың стандарттар мен нормативті құжаттарына қайшы келетін талаптарды енгізуге жол берілмейді.

Тапсырысшыда әзірленген техникаға стандарттық талаптардан өзгеше, бірақ оның келісілген жағдайдағы қолданылу тиімділігін төмендетпейтін жеке талаптар болған жағдайда оған осы техниканы шығаруға әзірлеу мүмкіндігі туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі Бас басқарманың (Қазбасстандарт) қорытындысын алуға тура келеді.

11. Техникаларды жасау және шығару әзірлеушілер мен дайындаушылардың ынтасы бойынша жүзеге асырылуы мүмкін, олар тұтынушылар мен өндіріс көлемін дербес белгілейді. Мұндай техникаларды сатуға тек Қазақстан Республикасының "Стандарттау және сертификаттау туралы" Заңына сәйкес мемлекеттік сертификат болғанда ғана жол беріледі.

III. Жаңа техникаларды әзірлеуді қаржыландыру мен шығаруды ынталандыру

12. Жаңа техникаларды жасау жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру:

- белгіленген тәртіппен, мемлекеттік бюджет есебінен жаңа жоғары тиімді технологиялар мен техникалар әзірлеу жөніндегі агроөнеркәсіптік кешен салалары мен мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламалар үшін мемлекет мұқтажына арналған машиналар кешенін шығаруға тапсырыс бойынша;

- ведомстволық және ведомствоаралық ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкциялық жұмыстарды бюджеттен тыс қорлардан қаржыландырудың және министрліктер, ведомстволар, концерндер, корпорациялар, ассоциациялар құрайтын өнімдердің жаңа түрлерін игеру жөніндегі шаралардың салалық ғылыми-техникалық бағдарламалары бойынша;

- әзірлеушілер мен дайындаушылардың жеке қаржысы есебінен немесе осы Ереженің 8 тармағында көзделген жағдайда, белгіленген тәртіппен, мемлекеттік бюджет есебінен ынталы әзірлемелер бойынша жүзеге асырылады.

13. Мемлекеттік мұқтажға арналған тапсырыс және жаңа техника жасау жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру тапсырысшы, әзірлеуші және дайындаушы арасындағы шарт (контракт) негізінде орындалады. Мемлекеттік тапсырысқа кірмеген ынталы әзірлемелер әзірлеуші мен дайындаушы арасындағы шарт бойынша орындалады.

14. Мемлекеттік мұқтажға арналған тапсырыс немесе осы Ереженің 8 тармағында көзделген жағдай бойынша жасалған техника шығаруды ынталандыру үкіметтік шешімдер:

- дайындаушы-кәсіпорындарды өндірісті игеру кезеңінде жеңілдікті несиелендіру;

- жүйені фирмалық сервиспен қалыптастыруға жеңілдікті несиелендіру түрімен мемлекеттік қолдау;

- жаңа техникалар мен машиналар кешенін жасағаны және шығарғаны үшін мемлекеттік, басқа да сыйлықтар беру жолымен қамтамасыз етілуі мүмкін.

IV. Конструкторлық құжаттаманы ғылыми қамтамасыз ету және әзірлеу

15. Агроөнеркәсіптік кешен саласына арналған жаңа техника әзірлеуді ғылыми қамтамасыз етуді Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясы мен республиканың басқа да мемлекеттік және өзге құрылымдары, күштерімен олардың құрамына кіретін ғылыми-зерттеу мекемелері жүзеге асырады.

16. Ғылыми ұйымдардың ғылыми-техникалық өнімдері мыналар болып табылады;

- ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруге, сақтауға және ұқсатуға, инженерлік қызмет көрсетуге арналған жоғары тиімді ресурс үнемдегіш және табиғат қорғаушы машиналы аймақтық технологиялар мен машиналар кешені;

- еңбек өнімділігін, жердің құнарлылығын, малдың қондылығын арттыратын, энергия және басқа ресурстарды үнемдеуді қамтамасыз ететін және өнім сапасын арттырып, оның шығынын төмендететін мүлде жаңа техника құралдарын әзірлеудің және қолда барларын жетілдірудің, еңбекті қорғаудың, өртке қарсы хауіпсіздіктің, экологияны сақтаудың талаптарына жауап беретін бастапқы талаптар;

-жаңа техниканың тәжірибелік үлгісіне және оны жаппай шығаруға
техникалық құжаттама ;

- техникаға сервистік қызмет көрсету жөніндегі нормативті-техникалық
құжаттама ;

- ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, сақтау, ұқсату үшін техникалық
жүйелер мен тұтынушылардың техникаға сұранымын дамыту тенденциясын
болжау .

17. Өндірістің тазалығын есептеу және акт түріндегі жаңа машиналар
параметрлерін негіздеу жөніндегі ғылыми-техникалық өнім бастапқы талаптарды
тапсырысшы бекіткен соң әзірлеушілерге ("Қазавтоауылшармаш"
корпорациясының ғылыми-техникалық орталығына, конструкторлық бюроларға,
машина жасау кәсіпорындарына, бірлестіктерге, ассоциацияландырылған
машина жасау құрылымдарына өндірісін конверсиялау негізінде қорғаныс
өнеркәсібі саласын қоса) одан әрі жүзеге асыру үшін беріледі.

18. Конструкторлық құжаттаманы әзірлеуді мыналар жүзеге асырады:

- "Қазавтоауылшармаш" корпорациясы ғылыми-техникалық орталығының
мамандандырылған конструкторлық бюросы;

- ауыл шаруашылық кәсіптегі машина жасау кәсіпорындарының
мамандандырылған конструкторлық бюросы;

- Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясы ғылыми ұйымдарының
конструкторлық бюросы ;

- олардың мамандануының дұрыстығын тексеру негізінде Қазақстан
Республикасының Өнеркәсіп министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі және
Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясы берген сертификаттар бойынша
агроөнеркәсіптік кешен жүйесі ғылыми ұйымдарының конструкторлық
бөлімшелері ;

- Қазақстан Республикасының конверсияланған қорғаныс кешені
кәсіпорындарының конструкторлық ұйымдары;

- республиканың машина жасау кәсіпорындарының конструкторлық
бюролары, оның ішінде жалға алынған, жекешелендірілген және меншіктің басқа
да нысанындағылары .

19. Жаңа техниканы жасау барысында, ереже бойынша, ғылыми-зерттеу
әзірлемелерінің нәтижелері пайдаланылады, бұл орайда ғылыми ұйым мен оның
нақты орындаушысының авторлық хұқы мен авторлық ынтасы сақталады,
ғылыми ұйым, конструкторлық бюро және дайындаушы арасында шарт
жасалады, онда аталған ереже нақтыланады.

20. Жаппай шығаруға ұсынылған бұйымдарды әзірлеудің техникалық
шарттарын тапсырысшы немесе ынталы әзірлеуші бекітеді және оған Қазақ ауыл
шаруашылық ғылым академиясы, әзірлеуші-ведомство және "Қазбасстандарт"

V. Сынақ жүргізу

21. Мемлекеттің мұқтажына арналған тапсырыс бойынша әзірленген машиналардың тәжірибелік үлгілері алдын ала және қабылдау сынағынан өтеді.

Алдын ала сынақ машиналардың техникалық тапсырма талаптарына сай келуі тексеріледі. Алдын ала сынау кезеңінде әзірлеуші машина сынау станциясының жарактандырылған қызметімен (жарық құралдары, стендтер, сынау жабдықтары, нормативтік-техникалық құжаттамалардың болуы) бірлесіп, түпкі мақсатты - оны өндіріске енгізу процесін жеделдетуді көздей отырып, конструкцияны толық пысықтауға тиісті. Сынау мерзімін қысқарту мақсатында бұрын алынған материалдарды пайдалана отырып, алдын ала және қабылдау сынақтарын біріктіруге болады.

Тәжірибелік үлгілер олардың техникалық тапсырмалар талаптарына сай келу және жаппай шығаруға қою мүмкіндігін анықтау мақсатымен қабылдау сынақтарынан өткізіледі.

Қабылдау сынақтары қолда бар стандарттар немесе типтік бағдарламалар және сынақ әдістемесіне сәйкес өткізіледі. Олар болмаған немесе жеткіліксіз болған кезде сынақ әзірлеушілер дайындаған және тапсырысшылармен келісілген бағдарлама мен әдістеме бойынша өткізіледі.

Тапсырысшы қабылдау сынағына келіскен жағдайда тәжірибелік машинаның орнына оның эксперименттік үлгісі ұсынылуы мүмкін. Машинамен бірге тиісті нормативтік-техникалық құжаттама ұсынылады.

22. Қабылдау сынағын Қазақстан Республикасының мемлекеттік машина жасау станциялары өткізеді.

Қабылдау сынақтарына әзірлеуші және еңбек хауіпсіздігіне, денсаулық және табиғат қорғауға қадағалау жүргізетін органдар қатысады.

23. Сынаққа ұсынылған тәжірибелік үлгілер әзірлеушінің меншігі болып табылады, оған машина сынау станциясы ақы төлемейді, ал сынақ біткен соң әзірлеушіге қайтарылады.

24. Жаңа техниканың технологиялық процесі орындалуының сапалы көрсеткіштері, олар аймақтық топырақ-климат жағдайларына тәуелді болған жағдайда, машина сынау станциялары және Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясы жүйесінің аймақтық ғылыми технологиялық орталықтарымен (технологиялық ғылыми мекемелер, облыстық ауыл шаруашылық тәжірибелік станциялар) бірге бағаланады.

25. Мемлекеттік машина сынау станциялары мен аймақтық технологиялық орталықтар сынақ нәтижелері бойынша техниканың мемлекеттік

тапсырысшысына оны өндіріске қою жөнінде шешім қабылдау үшін ұсыныс б е р е д і .

26. Жаңғыртылған техниканы мемлекеттік сынау мемлекеттік тапсырысшының шешімі бойынша өткізіледі.

27. Мемлекет мұқтажына арналған тапсырыс бойынша жасалған техниканы өндіріске қою жөніндегі шешімді (құрамына әзірлеуші, дайындаушы және машина сынау станцияларының өкілдерін қоса отырып) мемлекеттік тапсырысшы құрған мемлекеттік комиссия қабылдайды. Жекелеген жағдайларда машиналар мен жабдықтарды өндіріске қою жөніндегі шешімді агроөнеркәсіптік кешеннің ведомствоаралық ғылыми-техникалық кеңесі қабылдайды. Қажет болған жағдайда мемлекеттік комиссияның жұмысына басқа да ұйымдардың сарапшылары, сондай-ақ хауіпсіздікті, денсаулық пен табиғат қорғауды қадағалайтын органдар тартылуы мүмкін.

28. Әзірлеуші мемлекеттік комиссияға әзірлеу үшін техникалық тапсырмалар, бірлесіп қарауды қажет ететін дайындауға техникалық шарт жобаларын, конструкторлық және технологиялық құжаттар, әзірленген өнімнің осы құжатпен сәйкес келуін айғақтайтын, оның техникалық деңгейін қанағаттандыратын мемлекеттік сынақ протоколдары мен басқа да материалдарды ұсынады.

29. Ұсынылған материалдарды қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік комиссия тиісті акт толтырады. Комиссия төрағасының актіні бекітуі әзірлеудің аяқталғанын, техникалық тапсырма әрекетінің тоқтағанын, ұсынылған нормативтік-техникалық және пайдалану құжаттарының, сондай-ақ өнімді өндіруге рұқсаттың келісілгенін білдіреді.

Тұтас алғанда әзірлеу нәтижелері теріс бағаланған жағдайда актіде одан арғы жұмыс бағыты және олардың нәтижелерін ұсынудың шарттары немесе жұмысты жалғастырудың мақсатсыздығы көрсетіледі.

30. Әзірлеушінің немесе дайындаушының ынтасы бойынша жасалған техниканы шығару туралы шешімді олар Қазақстан Республикасының "Стандарттау және сертификаттау туралы" Заңына сәйкес сертификаттық сынақтан кейін дербес түрде қабылдайды.

VI. Өндірісті дайындау мен меңгеру жүйесінің негізгі ережелері

31. Мемлекет мұқтажына арналған тапсырыс бойынша жасалған техниканы өндіріске дайындау, ереже бойынша, техникалық құжаттаманы әзірлеу және тәжірибелік үлгілерді дайындаумен қатар басталады.

Басқа жағдайларда мұндай техника шығаруды меңгеру бастапқы сериясын (алғашқы өнеркәсіптік тобын) дайындау процесінде жүргізіледі. Бұл орайда

технологияны пысықтау және тапсырылған көлемде тұрақты параметрлерімен өнімді шығаруға қызметкерлерді дайындау жөніндегі шаралар орындалады.

32. Шығаруға дайындықты аяқтау бастапқы серия (алғашқы өнеркәсіптік тобы) үлгісіндегі кәсіптік сынау протоколымен (актімен) хатталады.

33. Кәсіпорын жаңа техниканы шығаруға дайындығы туралы шешімді мемлекет мұқтажына арналған тапсырыс бұйымдары бойынша сертификаттары мен қабылдау комиссиясының шешімі болғанда дербес қабылдайды.

34. Меншік түріне қарамастан, мемлекет мұқтажына арналған тапсырыспен әзірленген конструкторлық құжаттама бойынша агроөнеркәсіптік кешен салалары үшін машиналар мен жабдықтар шығаратын кәсіпорындар ғылыми ұйымдар мен конструкторлық құжаттаманы әзірлеушілерге олармен арада жасасқан шартқа сәйкес (19 тармақ) ақшалай қаржы жібереді.

VII. Жаңа техникаға бастапқы нарық бағасын белгілеу тәртібі

35. Техникаға баға белгілеу негізі - агроөнеркәсіп кешеніне берілетін өнеркәсіп өнімі мен осы өндірістердің рентабельдік деңгейін теңестіру жолымен, техниканы қолдана отырып өндірілетін ауыл шаруашылық өнімдеріне баға тепе-теңдігін сақтау болып табылады.

Өнімдердің осы түрлерінің рентабельдігін теңестіруді пайдаға (рентабельділікке) мемлекеттік салық салу, салық немесе жеңілдікті салық салынбайтын рентабельдік деңгейіне үлес, машина жасаушылар немесе тұтынушыларға тікелей мемлекеттік жәрдем қаржы белгілеу жүйесі жүзеге асырады.

36. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне жеңілдікті қолдану мен оның мөлшері туралы ұсынысты техниканың мемлекеттік тапсырысшы дайындаушы - кәсіпорындар мен олардың басқару органдары береді.

VIII. Маркетинг

37. Маркетинг техниканы жасау мен пайдаланудың барлық сатысында жүзеге асырылады:

- сұранымды болжау мақсатындағы ғылыми-зерттеу мекемелерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын өткізуге дейін және соның барысында;
- бұйымның өзіндік параметрлері мен босатылу қиындығын (бағасын) анықтау үшін әзірлеушілермен тәжірибелік-конструкторлық жұмыс барысында;
- жаңа машиналар мен жабдықтардың аймақтар бойынша нақты қажеттілігін қалыптастыру мақсатындағы машина сынау станциялары мен аймақтық ғылыми

технологиялық орталықтардағы сынақтар кезеңінде;

- бұйымның жылдық шығарылу көлемі мен мүмкін болатын бағасын, сондай-ақ техниканы жаңғырту мен өндірістің жалғасу бағытын және өнімді жаңа саласына немесе жаңа түріне ауыстыру мерзімін анықтау үшін дайындаушы-заводтардың оларды меңгеруі және жаппай шығаруы барысында;

38. Мемлекет мұқтажына арналған тапсырыс бойынша жасалған техника маркетингі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкциялық жұмыстар сатысында, белгіленген тәртіппен, мемлекеттік бюджет есебінен, ал меңгеру және жаппай шығару сатысында - бюджеттен тыс қорлар немесе дайындаушының қаражаты есебінен жүргізіледі.

IX. Техникаға сервистік қызмет көрсету

39. Жаңа техниканы дайындаушы- кәсіпорындар меншіктің түрлі нысанындағы фирмалық құрылымдар, аралық кәсіпорындар және завод жанынан басқа да құрылымдар құра отырып, өз машиналарына сервистік қызмет ұйымдастыруға тиіс.

40. Техника шығарушы-кәсіпорындар машина жасаудың құрылымдарының (Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігінің, "Қазавтоауылшармаш" корпорациясының, "Қазагрожөнмаш-холдинг" компаниясының, "Қазагроөнеркәсіптехника" Республикалық бірлестігінің және басқаларының) машиналарына меншіктің жеке, ұжымдық немесе мемлекеттік нысанына негізделген түрлі сервистік құрылымдар ұйымдастыру үшін, тұтынушыға тікелей жақын сенімді сервис құруға басты назар аудара отырып, қызмет көрсету құрылымының, есеп айырысу әдістемесінің, қызмет көрсетудің бастапқы шартты құнының (тарифының), түрлі деңгейлерде сервистік құрылымдары орналастырудың тізбесін анықтау үшін сервиске қатысты бөлігінде өз міндетін жүктей алады.

41. Техника жасаушы-кәсіпорындар немесе олардың бірлестіктері агроөнеркәсіптік кешеннің қызмет көрсету құрылымдарына босалқы бөлшектердің, тораптардың, агрегаттардың қажетті саны мен сапасын дайындауға және беруге кепілдік етуге міндетті.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бастапқы бағаның оларға қалыптасуына қатыса отырып, осы ереженің, орындалуына бақылау жасайды, рынокты бөлшектермен, агрегаттармен толтыру деңгейін ескеріп, кәсіпорындарды ынталандыру мен санкциялар енгізу жөніндегі қажетті ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізеді.

**Х. Прогресті машиналы технологиялар мен жаңа техникаларды
меңгеру үшін кадрлар даярлау мен қайта
даярлау жүйесі**

42. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясы техника жасаушылармен бірлесіп, ауыл шаруашылық тауарын өндірушілерге консультациялық қызмет ұйымдастырады, қолда бар оқу орындарының (жоғары оқу орындары, техникум, училище), сондай-ақ құрылатын меншіктің жеке және ұжымдық нысанындағы мемлекеттік емес консультациялық, оқу ұйымдарының негізінде кадрларды жаңа техника мен жаңа машиналы технологиямен жұмыс істеуге оқытуға даярлауды жүзеге асырады.

43. Басты назар аймақтық технологиялық ғылыми ұйымдар мен облыстық ауыл шаруашылық станциялардың негізінде тауар өндіруші құрылымдарға - фермерлерге, кооперативтерге, колхоздарға, совхоздарға, ұқсату кәсіпорындарына тікелей кірігетін консультациялық-оқу құрамаларын құруға аударылады.